

Мүгедек балаларды үйде тәрбиелейтін және оқытатын ата-аналардың біріне материалдық көмек тағайындау туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2002 жылғы 12 мамырдағы N 100 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет басқармасында 2002 жылғы 11 маусымда N 1576 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2014 жылғы 18 қарашадағы № 305 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 18.11.2014 № 305 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 Заңын басшылыққа ала отырып, "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында әкімдік **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - Батыс Қазақстан облыс әкімдігінің 2006.04.07 N 123 Қаулысымен.

1. Аудандардың және Орал қаласының әкімдері:

1) жергілікті бюджеттің мүмкіндігіне сүйене отырып, мүгедек балалары бар, оларды үйде тәрбиелеп және оқытып отырған ата-аналардың біріне не оларды ауыстырушыларға материалдық көмек көрсету мақсатында ең кемі айлық 3 есептік көрсеткіш мөлшерінде ай сайынғы материалдық көмек белгіленсін. Жәрдемақы тағайындауды тоқсанда жүргізісін және оны психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес беру анықтамасы болған жағдайда ай сайын төлесін.

Ескерту. 1 тармақшаға өзгерту енгізілді - Батыс Қазақстан облыс әкімдігінің 2006.04.07 N 123 Қаулысымен.

2) аталған материалдық көмекті тағайындау 2002 жылдың 1 қаңтарынан бастап жүргізілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Ш. Ә. Өтемісовке жүктелсін.

Ескерту. 2 тармаққа өзгерту енгізілді - Батыс Қазақстан облыс әкімдігінің 2006.04.07 N 123 Қаулысымен.

